

**«8D03203 - Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Назерке Молжанқызы Мусаның «Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстардың БАҚ-тағы көрінісі: Қазақстандағы мысал
негізінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс ғылым мен мемлекеттік бағдарламалардың білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет және ақпарат салаларындағы басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының келесі мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес орындалған: - Қазақстан Республикасында 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 маусымдағы №93-VIII Қаулысы);
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

			- Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 1014 Жарлығы); - Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы Жарлығымен бекітілген); - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025–2027 жылдарға арналған «Мәдениет және ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бағдарламасы (2025 жылғы 10 қаңтар).
--	--	--	--

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Н.М. Мусаның ғылыми-зерттеу жұмысы бұқаралық коммуникация теориясы мен практикасын дамытуға елеулі үлес қосады. Әсіресе, әлеуметтік қақтығыстардың қазақстандық медиа кеңістікте репрезентациялануын зерделеу арқылы қазіргі ақпараттық қоғамдағы медианың рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік қақтығыстардың ушығуы мен олардың медиа арқылы интерпретациялану ерекшеліктерімен айқындалады. Зерттеу медиалингвистика, қақтығыстану, әлеуметтану және журналистика салаларының тоғысында жүзеге асырылған. «Әлеуметтік қақтығыс» және «медиа репрезентация» ұғымдарына теориялық талдау жүргізу арқылы, диссертацияда қақтығыстардың медиада көрініс табу тетіктері мен бұқаралық санаға әсер ету механизмдері жан-жақты сараланған. Ғылыми жұмыстың маңызды жаңалығы - отандық медиа контенттегі әлеуметтік қақтығыстардың әртүрлі форматтарда репрезентациялану типтерінің жүйеленуі. Атап
----	------------------------	---	---

			айтқанда, жаңалық мәтіндері, әлеуметтік желілердегі мазмұнға кешенді талдау жасалған. Бұл зерттеу нәтижелері теориялық тұжырымдарды нақтылап қана қоймай, соңғы жылдардағы отандық медианың қақтығыс жайлы тақырыптарды көрсету тәжірибесіне қатысты тың эмпирикалық деректерді ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңызы - оның нәтижелерін Қазақстандағы журналистика, медиакоммуникация және әлеуметтік ғылымдар саласындағы мамандарды даярлау үдерісінде, сондай-ақ медиасауаттылықты дамыту мен қақтығыс тақырыптарын кәсіби және этикалық тұрғыдан жариялау стандарттарын қалыптастыруда қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыс автор тарапынан өз бетінше орындалған. Жұмыстың мәтінінде авторлық көзқарас пен зерттелген ғылыми әдебиеттерге сыни тұрғыдан қарау анық байқалады. Ғылыми ізденістегі дербестік деңгейі жоғары екені бірнеше аспектілермен дәлелденеді: қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі арнайы әдебиеттерге кешенді шолу жасалуы, әлеуметтік
		1) <i>жоғары;</i>	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

			қақтығыстарды репрезентациялау бойынша эмпирикалық зерттеу жүргізілуі, алынған деректерге сапалық талдау жасалып, нәтижелерге авторлық интерпретация ұсынылуы. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша жарық көрген 4 ғылыми жарияланым бұл жұмыстың ғылыми құндылығы мен автордың зерттеуге белсенді қатысуын айғақтайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбының Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкестігі негізделген. Зерттеу қазіргі әлемдік трендтерге - бұқаралық коммуникацияны, медиаконтентті, әлеуметтік құбылыстарды зерттеудегі интердисциплинарлық тәсілдерге сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі – әлеуметтік қақтығыстардың медиа арқылы репрезентациялануы мен бұл үдерістің қоғамдық пікірге, әлеуметтік шиеленістерге және азаматтық белсенділікке әсерін ғылыми тұрғыдан зерделеудің қажеттілігімен айқындалады. Қазіргі медиатұтыну мәдениеті мен аудитория сұранысының өзгеруі, дәстүрлі және цифрлық медиа арасындағы шекаралардың
		1) <u>негізделген;</u>	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			жойылуы әлеуметтік мәселелерді көрсету тәсілдеріне елеулі ықпал етіп отыр. Осы тұрғыда, жаңа буын зерттеушілері мен медиаөнім өндірушілеріне тек классикалық журналистиканың шеңберінде емес, сондай-ақ жаңа медианың мүмкіндіктерін ескеретін, контент жасау мен интерпретациялаудың заманауи тәсілдерін меңгеруі маңызды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді және этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстардың бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табуына қатысты барлық негізгі аспектілерді қамтиды. Жұмыста медианың қоғамдық көңіл-күй мен мемлекеттік институттар арасындағы делдал ретіндегі рөлі айқындалып, қақтығыстардың қоғамдық санада қалай қабылданатыны көрсетілген. Бірінші бөлімде әлеуметтік қақтығыстарды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылып, олардың мәні, құрылымы мен функциялары талданған. Екінші бөлімде қақтығыс тақырыптарын жариялау барысында журналистің кәсіби және этикалық жауапкершілігіне баса назар
		1) <u>айқындайды;</u>	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			аударылып, сезімтал тақырыптарды берудегі журналистік тәсілдер талданған. Сондай-ақ, тәжірибелі журналистермен жүргізілген сұхбаттар негізінде медиа қызметкерлерінің көзқарастары қарастырылып, азаматтық қоғамның рөлі сипатталған. Үшінші бөлімде эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған: отандық онлайн медиалар мен Telegram-арналар материалдарына контент-талдау жүргізіліп, «Қанды қаңтар» оқиғаларының Қазақстан, Ресей және Ұлыбритания ақпарат агенттіктеріндегі медиаконтенті фреймдік талдау әдісі арқылы сарапталған. Бұл авторға әртүрлі медиаларда қақтығыстардың қалай көрсетілетінін, мәселелерді жариялаудағы тәсілдердің айырмашылығын анықтауға мүмкіндік берді. Қорытынды бөлімде зерттеу барысында алынған тұжырымдар логикалық тұрғыдан негізделген, дәлелді және жұмыстың өзектілігі мен ғылыми маңыздылығын нақты көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының мақсаты – отандық бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік қақтығыстардың жариялану ерекшеліктерін кешенді түрде
		1) <u>сәйкес келеді;</u>	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			талдау. Бұл ретте журналистердің ақпарат көздерін пайдалану тәжірибесі, мәтін құраудағы стилі, ақпаратты тарату тәсілдері және қоғам тарапынан қақтығыс тақырыптарының қабылдану ерекшеліктері басты назарда болады. Міндеттердің барлығы зерттеу мақсатын жүзеге асыруға, яғни қазақстандық медиа кеңістікте әлеуметтік қақтығыстардың репрезентациясын кәсіби, этикалық және әдістемелік тұрғыдан зерделеуге бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыс мазмұн жағынан жүйелі құрылып, барлық құрылымдық бөлімдер арасында ішкі біртұтастық пен қисынды сабақтастық сақталған. Бұл зерттеуде алға қойылған мақсат пен міндеттердің нақты тұжырымдалуына, гипотезаның дұрыс құрылуына және алынған нәтижелер мен қорытындылардың негізделуіне ықпал еткен.
		1) <u>толық байланысқан;</u>	Зерттеудің әр бөлімі келесі тарауға логикалық түрде жалғасып, әлеуметтік қақтығыстарды қазақстандық БАҚ-та, соның ішінде этносаралық ортада бейнелеудің түрлі аспектілерін біртіндеп ашады.
		2) ішінара байланысқан;	Автор ұсынған тұжырымдар мен нәтижелер құрылым ішіндегі өзара
		3) байланыс жоқ.	

			байланыс арқылы бекітілген, бұл диссертацияны толыққанды ғылыми еңбек ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста ұсынылған жаңа тәсілдер мен әдістемелік шешімдер теориялық тұжырымдар және алдыңғы зерттеулермен салыстырмалы түрде қарастырылып, дәлелді түрде негізделген. Автор әлеуметтік қақтығыстарды, әсіресе, этникааралық сипаттағы қақтығыстарды медиада жариялау тәжірибесіне қатысты түрлі тәсілдердің артықшылықтары мен шектеулерін сыни тұрғыда саралап, олардың қолдану аясына баға берген. Зерттеу барысында жүргізілген салыстырмалы талдау авторға журналистік тәжірибе мен этиканың, медиа-дискурстың және қоғамдық қабылдаудың өзара ықпалын кешенді түрде көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл, өз кезегінде, қақтығыстар жайлы хабар таратудың заманауи, көпқырлы және пәнаралық тәсілдерін ұсынуға негіз болды. Автордың ұстанған әдіснамалық тәсілі әлеуметтік қақтығыстарды медиада бейнелеуді зерттеудің жаңа деңгейіне шығарып, алдағы уақытта терең әрі жүйелі
		1) <u>сыни талдау бар;</u>	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			зерттеулер жүргізу қажеттігін негіздеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Н.М. Мусаның диссертациялық жұмысына жүргізілген талдау нәтижелері оның негізгі ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері жаңа немесе жартылай жаңа сипатқа ие екенін көрсетеді: 1-нәтиже – Автор әлеуметтік қақтығыстардың типологиясын ұсынды. Нәтиже жартылай жаңа, себебі бұрын ұсынылған жіктеулер негізінде жаңаша талдау жасалған. 2-нәтиже – Қақтығыстарды жариялау кезінде журналистер қолданатын ақпарат көздері мен олардың сенімділігі, кәсіби стандарттарға сәйкестігі бойынша құрылымдық талдау жүргізілді. Нәтиже толық жаңа, себебі бұған дейін отандық медианы кейс ретінде алып мұндай кешенді сараптама жүргізілмеген. 3-нәтиже – Әлеуметтік және этникалық сипаттағы қақтығыстарды жариялауда журналистік этика мен баланстың сақталуы мәселелері зерттелді. Нәтиже толық жаңа, ғылыми және практикалық маңызы бар. 4-нәтиже – Ақпаратты таратуда қолданылатын мультимедиялық тәсілдер мен онлайн платформалардың рөлі сараланып,
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			олардың әлеуметтік қақтығыстарды қабылдауға ықпалы сипатталды. Нәтиже толық жаңа, себебі цифрлық ортадағы журналистік әдістердің әлеуметтік-психологиялық әсері алғаш рет осы диссертацияда кешенді зерттелді. 5-нәтиже – Қазақстандық журналистер арасында жүргізілген сұхбаттар негізінде қақтығыстарды жариялау тәжірибесіне қатысты маңызды қорытындылар ұсынылды. Нәтиже толық жаңа, ғылыми-практикалық үлес қосады. 6–нәтиже. Отандық БАҚ-та әлеуметтік қақтығыстарды жариялаудың ерекшеліктері мен медиа дискурста қолданылатын тәсілдер сараланып, қоғамның қабылдауы мен медиа әсері арасындағы байланыс анықталды. Нәтиже жартылай жаңа, себебі бұрынғы зерттеулерге сүйене отырып, автор қазіргі қазақстандық медиа кеңістіктің нақты жағдайларын ескерген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары жаңашыл сипатқа ие.
		1) <u>толығымен жаңа;</u>	Зерттеу барысында отандық бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік қақтығыстардың жариялану ерекшеліктері жан-
		2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u>	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			жақты талданып, осы тақырып алғаш рет кешенді түрде ғылыми деңгейде қарастырылды. Ғылыми жаңалық ретінде әлеуметтік қақтығыстарды жариялауда журналистер қолданатын ақпарат көздері, жазу стилі, мәлімет беру формалары және бұл процестің қоғамға әсері нақты мысалдар арқылы сараланып, тұжырымдар жасалды. Сонымен қатар, зерттеуде қақтығысты медиа көрсету, ақпарат көздерінің сенімділігі, журналистік ұстаным, өзіне-өзі цензура жасау сияқты ұғымдар теориялық және практикалық тұрғыдан талданды. Автор ұсынған тұжырымдар мен әдістемелер қазіргі медиатрендерді түсінуге және қақтығыстарды бейтарап әрі кәсіби түрде жариялау стандарттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық шешімдер диссертация тақырыбының қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясындағы өзектілігімен және маңыздылығымен анықталады. Зерттеуде ұсынылған шешімдер – ақпарат көздерін қолдану, қақтығыстарды жариялаудағы этикалық ұстанымдар мен журналистік әдістер – қазіргі медианың трансформациясына сай
		1) <u>толығымен жаңа;</u>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			келетін, тың, әрі теориялық және практикалық жағынан негізделген ұсыныстар. Автор ұсынған тәсілдер журналистерге әлеуметтік шиеленістерді кәсіби тұрғыда жариялауға және БАҚ-тың сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген және жеткілікті дәлелдерге сүйенеді. Автор қорытындыларға дербес ғылыми ізденіс нәтижесінде қол жеткізген. Зерттеу барысында сенімді дереккөздерге, оның ішінде қазақстандық және шетелдік зерттеулерге, медиамәтінге (мақала, жаңалық, сұхбат), сондай-ақ тәжірибелі журналистермен жүргізілген терең сұхбаттарға сүйенген. Сонымен қатар, сапалық зерттеу әдістері (контент-талдау, дискурстық талдау, сұхбат әдісі) қолданылып, алынған деректер жан-жақты сарапталған. Бұл зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыда сенімді әрі практикалық мәні бар деп бағалауға мүмкіндік береді.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Диссертацияда қорғауға ұсынылған 3 ереже, тезистер түрінде тұжырымдалды: 1-тұжырым: Қазақстандық журналистер қақтығыс тақырыбында хабар таратуда өзіне-өзі цензура жасайды, шектейді, редакциялық қысым салдарынан толыққанды бейтарап хабар тарата алмайтын жағдайлар болады. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген 2-тұжырым: Тәуелсіз және мемлекеттік БАҚ-тың хабар тарату форматында ерекшеліктер бар. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген 3-тұжырым: Қақтығыстарды тиімді шешу бұқаралық ақпарат құралдары бұл тақырыпқа жауапкершілікпен, ашықтықпен және этика тұрғысынан келсе ғана мүмкін болады. 7.1 Дәлелденді
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) <u>дәлелденді;</u>	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) <u>жоқ;</u>	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) <u>иә;</u>	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) <u>кең</u>	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) <u>иә;</u>	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу әдіснамасы жан-жақты сипатталған, оған медиамәтіндерді сапалық талдау кезеңдері, журналистермен жүргізілген сұхбаттар, қазақстандық БАҚ-тағы жарияланымдарға контент-талдау кіреді. Автор зерттеу тақырыбының ерекшелігіне сәйкес бұл әдістерді таңдаудың қисындылығын негіздейді – әлеуметтік қатығыстың репрезентациясын зерттеу тек мәтіндік талдаумен шектелмей, сонымен қатар контент өндірісінің контекстін, редакциялық саясатты және журналистер арасындағы автоцензуралық тәжірибелерді ескеру қажеттігін көрсетеді. Зерттеудің теориялық негізін медиа, коммуникация және қатығыстану салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, соның ішінде Й. Галтунг, А. Бандура, М.Маклюен идеялары құрайды. Бұл таңдалған әдістің ғылыми негізділігін дәлелдейді.
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізін Қазақстандағы ақпарат таратушы агенттіктердің, шетелдік БАҚ-тың контенті және әлеуметтік желілерде таралған ақпарат құрайды. Жаңалық мәтіндеріне сапалық және сандық контент-талдау жасалып, медиатекс контекстінде фреймдік және қақтығыстанудың теориялары қолданылды. Сонымен қатар, журналистермен жүргізілген тереңдетілген сұхбат нәтижелері арқылы жүйеленді.
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу барысында әлеуметтік қақтығыстардың медиадағы репрезентациясына байланысты бірқатар маңызды теориялық тұжырымдар жасалды. Автор фреймдік және қақтығыстану теориялары негізінде медиа контентті талдаудың үлгілерін ұсынды, әлеуметтік қақтығыстың журналистік интерпретациясына әсер ететін факторлар мен редакциялық саясат, журналистік өз-өзін цензурау сынды ішкі және сыртқы ықпалдарды саралады. Зерттеу нәтижесінде ақпарат құралдарындағы қақтығысты репрезентациялау модельдерінің типологиясы ұсынылып, әлеуметтік желілер мен дәстүрлі медианың
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	

			қақтығыстарды жария етуіндегі ерекшеліктері мен ұқсастықтары анықталды. Бұл зерттеу қорытындылары ғылыми мақалаларда жарық көріп, диссертация авторының журналистерге арналған нұсқаулығында қолданылды.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысының маңызды теориялық тұжырымдары толық көлемде дәлелденген, себебі ізденуші қазіргі заманғы өзекті әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге – монографиялар, ғылыми мақалалар, диссертациялық жұмыстарға сүйенеді. Барлық сілтемелер нақты көрсетілген, дәйексөздер орынды келтірілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Зерттеуде пайдаланылған ғылыми әдебиеттер көздері зерттеліп отырған тақырып бойынша толыққанды әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертация авторы тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне аналитикалық және сыни шолу жүргізген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеудің теориялық маңыздылығы, ең алдымен, цифрландыру мен мультимедиялық контекстінде қазіргі заманғы медиадағы әлеуметтік қақтығыстар
		1) <u>бар;</u>	
		2) жоқ.	

			репрезентациясын зерттеу арқылы медиа-коммуникация және қақтығыстану теорияларын одан әрі дамытуда көрініс табады. Қазақстандық және шетелдік БАҚ-тың салыстырмалы талдауы медиа дискурсындағы нарративтік құрылымдардың рөлін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыста алғаш рет мультимедиялық элементтердің әлеуметтік қақтығысты жеткізу құралы ретіндегі теориялық негіздері ұсынылып, медиаматериалдарды саралаудың жаңа типологиясы қарастырылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық зерттеу практикалық маңызға ие және алынған нәтижелерді қолдану ықтималдығы жоғары, өйткені бұл жұмыс журналистика, масс-медиа, интернет журналистика салаларындағы оқу курстарына интеграциялануға болатын маңызды ресурс ретінде ұсынылады. Бұл зерттеу білім беру үдерісінде пәнаралық тәсілді дамытуға үлес қосып, әдістемелік семинарлар барысында, арнайы курстар әзірлеу кезінде, сондай-ақ журналистік практикада тиімді қолданылуы мүмкін.
		1) <u>иә</u> ;	
		2) жоқ.	

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған практикалық тұжырымдар мен ұсыныстар жаңалыққа ие және өзектілігі жоғары, бұл олардың журналистика және масс-медиа салаларында практикалық қолдануға маңызды екендігін көрсетеді. Зерттеу барысында әзірленген журналистерге арналған нұсқаулық оқу курстарында қолданылу мүмкіндігі бар.
		1) <u>толығымен жаңа;</u>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Жұмыстың баяндау стилі сәйкес метамәтін тілін қолданумен сипатталады, диссертацияның ұғымдық-терминологиялық аппараты зерттеу мәселесін дұрыс көрсетеді. Мәтін логикалық тұрғыда құрылымдалған, дәлелдермен қолдаған аргументтер бар, ойлар айқын және дәйекті түрде баяндалған.
		1) <u>жоғары;</u>	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Компьютерде теруде кейбір техникалық, пунктуациялық қателер кездеседі. Бірақ бұл ескертулер зерттеудің ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық мазмұнына нұқсан келтірмейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеудің негізгі қорытындылары мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардың жинақтарында, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда - 3, халықаралық конференцияларда - 3, Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда - 1 мақаласы жарияланып, талқыланды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D03203 – Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Назерке Молжанқызы Мусаның «Этносралық ортадағы әлеуметтік қатығыстардың БАҚ-тағы көрінісі: Қазақстандағы мысал негізінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын зерделей келе, зерттеу жұмысы өзекті мәселелерді көтеріп, ғылыми негізде жүйелі түрде талданғаны көрінеді. Автор зерттеу мақсатын нақты айқындап, міндеттеріне сәйкес теориялық және практикалық тұжырымдарға қол

			жеткізген. Ғылыми жаңалығы мен мазмұны зерттеу талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың мазмұны философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.
--	--	--	---

Ресми рецензент:

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті» КеАҚ

Баспасөз және баспа ісі

кафедрасының меңгерушісі, PhD



Шурентаев Амангельды Миранович